



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 10 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ №139 (23 461)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Ерекше бала елеусіз қалмайды

Соңғы жылдардағы клиникалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулер денсаулықта мәселелері бар әртүрлі жастағы балалар санының көбейгенін көрсетуде. Оған қоса, әлі де инклюзия сыныбы мен арнайы оқытатын орталық іздеген ата-ана көп. Баланың тілін шығаруға көмектесетін логопедке де сұраныс артты. Психологиялық дамуы тежелген, тілінде кемістігі бар әрі бүгін жаттағанын ерте ұмытып қалатын балалар көбеюде.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуы үшін Қарағанды облысында инклюзивті білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жол картасы әзірленген. Жол картасының жоспарында кадрлық, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, кедергісіз орта құру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.

Облыста ерекше білімге мұқтаж 14 870 адам бар. Оның 2 275-і – мүгедек бала. Облыс мамандары мүмкіндігі шектеулі балалар үшін психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді білім берудің ең маңызды міндеті деп біледі. Қазіргі таңда аймақта 55% балабақша, 81% мектеп және 70% колледжде инклюзивті білім беруге жағдай бар.

Облыста ерекше балалар үшін 17 арнайы ұйым жұмыс істейді. Өткен жылы Саран қаласында түзету кабинеті ашылды. Тағы осындай кабинетті Қарағандыда ашу жұмысы жүргізілуде. Оқу жылының басында Қарағанды, Саран, Теміртау қаласында арнайы мектеп-интернаттарында ақыл-ойы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін қосымша 5 сынып ашылды, сондай-ақ, Теміртауда ақыл-ойы бұзылған балалар үшін қосымша 2 топ ашылды, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

2025 жылға дейін Балқаш, Қарағанды қаласы, Бұқар жырау ауданында тағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылмақ. Жалпы, облыста ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған 10 арнайы мектеп-интернат жұмыс істеп тұр. Мамандар тәжірибесі ерекше баланы қоғамнан алыстатуға болмайтынын байқатты. Олар тәжірибе енгізуде балаларға жеке тұлға ретінде қарайды.

Облыста инклюзияны дамытудың бастапқы кезеңі 27 мектеп пен «Алмагүл»



балабақшасының базасында өткізілген облыстық және қалалық эксперименттер мен жобалар болды. Бұл мектеп пен балабақшада ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен дамытуға арналған әдістемелік платформаның белсенді дамуына ықпал етті. Осы ұйымдардың педагогтары ерекше тәсілді талап ететін балалармен оқу-дамыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін оқу-әдістемелік кешендер, бағдарламалар әзірледі. №27


мектеп жұмысы республика деңгейінде оң деп танылды.

Қарағандылық логопед Айгүл Темірқызының айтуынша, көпшілік аналар балалары сөйлемей қалса, бірден инклюзивті орталық іздейді. Ол – қате.

– Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жеке немесе қысқартылған оқу бағдарламасы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысы-

на сәйкес ұйымдастырылады. Инклюзивті сыныпта ерекшелігі бар екіден көп емес бала оқи алады. Инклюзивті және арнайы сыныптарда оқитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтермен жеке немесе топтық түзету сабақтар өткізу көзделеді. Жанартылған мазмұн шеңберінде оқыту нәтижелерін бағалау критериялды жүзеге асырылады.

► 3-бет



Реформа – өміршең өзгерістер

• БӨРЕКЕЛДІ!

Кәсіпқой атанды

Санкт-Петербургте өткен, бірнеше елден 900-ден астам қатысушы жиналған халықаралық «Кәсіпқойлар» чемпионатында қарағандылық Руслан Кабаргин қола жүлдеге ие болды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Русланды IT саласы мектеп жасынан қызықтырған. Майқұдықтағы №95 гимназияны бітіргеннен кейін Ә.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетіне «Ақпараттық жүйелер» мамандығына оқуға түскен. Екінші курста өндірістік тәжірибеден кейін студентті ІС-та есептеуді автоматтандырумен айналысатын фирмалардың бірі жұмысқа қабылдаған.

– Алдымен республикалық олимпиадада І орынға ие болып, Санкт-Петербургтегі чемпионатқа жолдама алдым. «Бизнес-процестерді автоматтандыру» құзыретінде жеңіске жетуде 15 адам тартысты. Менің қарсыластарым Ресей, Беларусь, Эквадор, Филиппин азаматтары болды. Нәтижесінде ІІІ орын иелендім, – деді Руслан Кабаргин.

Руслан кәсіпорынның бизнес-процесін автоматтандыру бойынша тапсырма орындады. Жұмыс ІС платформасында жүргізілді. Шағын фирманы басқару (УНФ) 3.0 және GitLab жүйесімен интеграция орнату қажет болды. Уақыт шектеулі болғандықтан жас қарағандылық құралдарды пайдаланып, онтайлы шешім шығара алатынын көрсетті.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ



ҚАҒЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otchel.pochtovyy@bk.ru

• БАСПАСӨЗ – 2025

Газеттің әр санын асыға күтеміз

Аймақтағы қазақ журналистикасының қарашаңырағы, облыстың айнасы мен шежіресі «Ortalyq Qazaqstan» газеті – егемен елдің өндірістік тірегі, индустриалдық жүрегіне айналған өңіріміздің шежіре тарихын таратып, аптал азаматтары мен дарқан істерін сүйіншілеген халықтың тілі.

Алаш көсемі, жерлесіміз Әлихан Бөкейханов: «Әуелі – газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, құлағы жоқ керек, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп, баспасөз туралы тұжырымды ой түйіп, газеттің өмірден алар орнын, атқарар қызметі мен міндетін айқындап берген еді. Сіздер сөз маржанын тізіп, оқырман ойынан шығып келесіздер. Осынау аралықта аймағы-



мыздағы айшықты оқиғалар, атқарылған ауқымды іс-шаралар мен өзекті мәселелер газет тілшілерінің назарынан тыс

қалған жоқ. Басылым жастардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасуына айтарлықтай атсалысып, Отанды сүю тәртізді аб-

зал қасиеттерді үлгі етіп келеді. Газет беттерінде Ебінай Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің сүйіншілеген жаңалықтары, тыныс-тіршілігі туралы талай тартымды мақалалар жарық көруде.

«Ortalyq Qazaqstan» ормандай оқырманы газеттің әр санын асыға күтіп, әр мақаланы зердесіне тоқып, оқып келеді. Биыл ордалы басылымға QR код арқылы жазылу мүмкіндігі туды. Бұл дамыған заманда адамдардың уақытын үнемдеуде жақсы бастама болып отыр. Биыл да облыстың бас газетіне жазылып, шығармашыл ортаның жаңа табыстарға жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университетінің Басқарма
торағасы-ректоры

• РЕСМИ

Жаңа монета айналымға шығады

Ұлттық Банк «Қазақстан Жер қойнауы» сериясынан си (мыс) коллекциялық монеталарын айналымға шығармақ. Коллекциялық монеталарды сату 10 желтоқсаннан бастап ҰБК интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Си (мыс) «Қазақстан Жер қойнауы» монеталарының жаңа сериясын ашады. Бұл серия Қа-

зақстан жерінің байлығы тақырыбына бағытталған.

Серия аясында Менделеев кестесінің химиялық элементтері бар жаңа технология бойынша күмістен монеталар жасау

жоспарлануда. Си (мыс) монетасының дизайны периодтық жүйенің стильдендірілген фрагментін және си химиялық элементін ұсынады.

Монеталар салмағы 32,9 грамм (күміс салмағы – 31,1 грамм, салмағы 1,8 грамм мыс элементі), диаметрі 38,61 мм, дайындау сапасы proof, номиналы 1000 теңге, таралымы 1000

(бір мың) дана 925 сынамамы күмістен жасалған.

Монеталар төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бар аумағында олардың атаулы құны бойынша, сондай-ақ, банк шоттарына есепке алу үшін және еліміздің барлық банктерінде аудару, айырбастау үшін қолданылмақ.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 544.60

• USD/KZT 514.65

• RUB/KZT 5.17

• CNY/KZT 70.84

Қазақстан Ұлттық Банкінің 9 желтоқсан, 2024 жылғы дерекі бойынша

Ерекше бала елеусіз қалмайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Баланың денсаулығына қатысты көп мәселе ата-анаға тікелей байланысты. Денсаулық үшін дұрыс шешім қабылдауға асығатын аналар қандай тиімді ұсыныс болса да келісуге бейім. Ата-ана өзіне және баласына сенуі керек. Мәселен, аутизм дергі ешқайда жоғалып кетпейді, оны ешқандай дәрі емдей алмайды. Оның бір ғана жолы – тұрақты ем алу, – дейді маман.


Оның айтуынша, кейде бала бір жаста 10-15 сөзді айта алатын қабілетке ие болады. 3-4 жастан асып кетсе де, тілі шықпайтындар бар. Оны баланың ерекшелігімен байланыстыру – дұрыс емес. Маман бүгінгінің балалары қарапайым ет жеп, сүйек мүжүйі керек дейді. Сүйек мүжінде ауыз қуысының бұлшық еттері ширап, баланың артикуляциясы жаттығады, яғни, жақ сүйектері қимыл-қозғалысқа түседі.

Маман пікірінше түйгеніміз, инклюзия – ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға айрықша көңіл бөлінеуден туындайды. Дамуында ауытқуы бар балаларды жалпы мектептерде оқытуға аса дайын еместігіміз де инклюзивті білімді дамыта алмайтынымызды айқындап отыр.

Білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін арнайы қондырғылардың және оқу материалдың болмауы, сонымен қатар, педагогтар үшін әдістемелік құралдың жеткіліксіздігі – мәселеге тоқталуды талап етеді.

Ауылдық жерлерде инклю-

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫҢ МОДЕЛІ



зивті бастауыш сыныптарда сабақ беретін (аты-жөнін жазбауды өтінді) мұғалімдердің басым көпшілігі кейбір оқушылардың бүгінгі айтақанды ерте ұмытып тұратынын, сыныптан-сыныпқа көшуде кедергі келтіретін оқушылардың бар екенін айтады. Көбісінің алға тартатыны – психологиялық дамуы желтелген, тілінде кемістігі бар оқушылармен жұмыс істеудің қиындығы. Олар ерекше көңіл аударуды қажет ететіндіктен, осындай балалармен психолог, логопед, дефектологтар жұмыс істеуі тиіс. Өкінішке қарай, ауылдық жерлердегі мектептерде баланың тілін шығаруға көмектесетін логопед маман жоқтың қасы.

Логопед жайлы сұрағанымыз-

да, басқарма мамандары балалар үшін мектеп педагогтерінің 7 818-і оқытылғанын айтты. Оның ішінде 6 712 педагог инклюзивті тәжірибеге тартылыпты. 155 пән мұғалімі «Дефектология» мамандығы бойынша қайта даярлау курстарында қайта оқытылған.

Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 607 педагог пен 60 ата-ана аутизм спектрі бұзылған балалармен жұмыс істеу үшін мінез-құлықты талдау әдістемесіне қатысқан.

Басқарма дерегіне, 2023 жылы ерекше балаларға оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға 2 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінген. 4-6 сыныптар үшін зағип балаларға

арналған Брайль шрифтімен бейімделген және 10-11 сыныптар үшін нашар көретін білім алушыларға арналған ірілендірілген шрифтен оқулықтар алыныпты. Оған қоса, өткен жазда алғаш рет ерекше білім беру қажеттіліктері бар 360 баланың жазғы демалысы арнайы мектеп-интернаттар базасындағы лагерлерде өткені белгілі.

– Жасыратыны жоқ, балам ауытқушылығы бар балалармен бір сыныпта білім алады. Ата-аналар оңай мектептерге жібергісі келмейтіні түсінікті. Ерекше балаларға қатардағы мектеп оқушыларымен тең дәрежеде білім алуына жағдай жасаған дұрыс. Баланы бір-бірінен бөліп-жарып, өзектен

тепей, бауырға басу керек. Ерекше балаларға қоғам болып көмектескен дұрыс, – дейді №27 мектеп оқушысының анасы Гаухар Әлімжанқызы (аты-жөні өзгертілген).

Білім ошақтары оқушылардың тең дәрежеде білім алуын қолдағанымен, бала еміне қатысты көп мәселе ата-анаға келіп тіреледі.

–Елімізде ерекше баланы оңалту және түзету қызметінің құны – 200-350 мың теңге. Өкініштісі сол – ерекше баланың еміне мемлекет тарапынан ұзақмерзімді тегін немесе жеңілдігі бар көмек те қарастырылмаған, – дейді қарағандылық Самал есімді баланың анасы.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің меңгерушісі Зәуре Жангелдинованың айтуынша, елімізде аутизмге шалдыққан балалар саны 12 мыңнан асады. Алайда, ерекше балаларды анықтаудың ұйымдасқан жүйесі қалыптаспағандықтан нақты сан бұдан бірнеше есе көп деген дерек бар.

Бүгінде инклюзивті білім беретін сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығы 1590 педагог және арнайы білім беретін 50 педагог бар. Оларға тиісті қосымша ақы төленеді. Осы орайда Қарағандыдағы №27 мектепте «Қашықтықтан оқыту» және «Қосымша білім беру» жобалары жүзеге асырылуда. Болашақта аймақта 600-ден астам педагогты оқыту жоспарланып отыр.

• АКЦИЯ

Жүзеге асқан

ТЫҢ ЖОБА

Теміртау қаласында қалалық әкімдік пен мәдениет саласы, прокуратура қызметкерлері, танымал спортшылардың қатысуымен өткізілген «Нашақорлыққа жол жоқ!» республикалық жобасы жүзеге асырылып, ол 6 желтоқсанда қорытылды.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жобаны іске асыру 4 қарашада Теміртау қалалық мәслихаты төрағасының темір-таулық жастармен кездесуімен басталып, 9 қарашада мыңдаған белсенділердің, спортшылар мен жастар өкілдерінің есірткіге қарсы жеңіл атлетика қроссымен жалғасқан еді.

Осы жоба аясында жиырмадан астам спортшы мен шығармашылық, зиялы қауым өкілдері және қоғамдық пікір көшбасшылары жергілікті жастармен жүздесіп, осы тақырыпта әңгіме қозғайды.

Ал, 6 қарашада қалалық Мәдениет сарайының фойесінде өткен оның қорытынды кездесуінде қаладағы спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелердің өкілдері өз қызметімен таныстырып, оларға қатысуға тілек білдірушілер тізімге көптеп тіркеліп, жазылды.

ТЕМІРТАУ

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кенесінің мүшелігіне бос лауазымға орналастуға конкурсты жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 09.01.2025 жыл. Конкурсты өткізу орыны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Гастелло көшесі, 23 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(7212) 51-26-59. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Н. Назарбаев көшесі, 10 құрылысы мекен-жайы бойынша орналасқан «Облыстық клиникалық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 41-40-20. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

3. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 83 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(7212) 43-21-13. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

4. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Шахтерлер көшесі, 81 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық қан орталығы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 50-79-09. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

5. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5/3 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 50-76-76. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

6. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бирюзов көшесі, 22 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының №1 көпбейінді ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 31-09-04. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

7. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қрылов көшесі, 23 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының №2 көпбейінді ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 41-54-53. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

8. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Аманжолов көшесі, 189 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының №3 көпбейінді ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 43-88-08. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

9. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, К.Либихт көшесі, 106-в құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының көп бейінді балалар ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(7212) 37-03-21. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

10. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі, 47/2 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық стоматологиялық емханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(7212) 51-26-72. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

11. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ипподромы көшесі 8 мекенжайында орналасқан «Қарағанды қаласының №1 ем-

ханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 41-70-64. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

12. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Шахтерлер көшесі 78 мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының №3 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 33-43-33. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

13. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Көгілдір тоғандар ш/а 4 құрылысы мекенжайында орналасқан «Қарағанды қаласының №4 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 30-83-77. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

14. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5/4 мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының №5 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 55-91-30. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

15. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Чайковский көшесі, 22 мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының көп бейінді ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(7213) 98-08-87. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

16. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, 53/3 мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының көпбейінді ана мен бала орталығы» КМК байланыс телефоны 8(7213) 92-48-18. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

17. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 9 шағын аудан, 43а үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының 4 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7213) 44-78-70. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

18. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Шпагер кызылысы, 13 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Балқаш қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71036) 4-09-88. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

19. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Сәбитова ықшам ауданы, 7 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Балқаш қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71036) 4-09-88. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

20. Қарағанды облысы, Саран қаласы, Саран көшесі, 28 мекенжайы бойынша орналасқан «Саран қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(72137) 7-99-60. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

21. Қарағанды облысы, Абай қаласы, Промышленная көшесі, 77 мекенжайы бойынша орналасқан «Абай қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(72156) 4-49-84. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

22. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19 мекенжайы бойынша орналасқан «Приозерск қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71039) 5-31-83. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

23. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар кенті, Гиппократ көшесі, 1 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(72153) 3-14-48. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

24. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Оразалин көшесі, 1 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Ақтоғай ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71037) 2-13-48. Кәсіпорынның қызметі-ме-

дициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

25. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Сүлейменовтар көшесі, 2 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(72144) 2-25-66. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

26. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жаппақов көшесі, 23 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Шет ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71031) 2-13-57. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кенесінегіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ, мынадай талаптардың бірінін болуын қамтиды:

– денсаулық сақтау немесе ұйым беіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау немесе ұйым беіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласындағы басшылық қызметке кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау және(немесе) экономика және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі;

Байқау кенесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

– сотталығы өтелмеген немесе алынбаған;

– заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

– бұрын сабыайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

– байқау кенесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ №14 қанабаше таспамен басшыларында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сабыайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыны жұмыс орнының басшыларынан ұсынымы) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 10.12.2024 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 09.01.2025 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КТП на ПВХ «Областная центр психического здоровья» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Гастелло, дом 24, контактный телефон 8(7212) 41-40-20. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места;

2. В КТП «Областная клиническая больница» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Назарбаева, строение 10, контактный телефон 8(7212) 41-40-20. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

3. В КТП «Многопрофильная областная детская больница» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, проспект Шахтеров, строение 83, контактный телефон 8(7212) 50-50-84. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

4. В КТП «Областная центр крови» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Шахтеров, строение 81, контактный телефон 8(7212) 50-79-09. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

5. В КТП «Многопрофильная больница имени профессора Х.Ж. Мамажанова» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Муканова, строение 5/3, контактный телефон 8(7212) 50-76-76. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

6. В КТП «Многопрофильная больница №1 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Бирюзова, строение 22, контактный телефон 8(7212) 31-09-04. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

7. В КТП «Многопрофильная больница №2 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Крылова, строение 23, контактный телефон 8(7212) 41-54-53. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

8. В КТП «Многопрофильная больница №3 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Аманжолова, строение 189, контактный телефон 8(7212) 43-88-27. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

9. В КТП на ПВХ «Многопрофильная детская больница города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица К. Либихт, строение 106-В, контактный телефон 8(7212) 37-03-21. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

10. В КТП на ПВХ «Областная стоматологическая поликлиника» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Ержанова, дом 47/2, контактный телефон 8(7212) 51-26-72. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

11. В КТП «Поликлиника №1 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица

Ипподромная 8, контактный телефон 8(7212) 41-70-64. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

12. В КТП «Поликлиника №3 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Шахтеров 78, контактный телефон 8(7212) 33-43-33. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

13. В КТП «Поликлиника №4 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, микрорайон Голубые Пруды, строение 4, контактный телефон 8(7212) 30-83-77. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

14. В КТП «Поликлиника №5 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Муканова, 5/4, контактный телефон 8(7212) 55-91-30. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

15. В КТП «Многопрофильная больница города Теміртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Теміртау, улица Чайковского, 22, контактный телефон 8(7213) 98-08-87. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

16. В КТП «Многопрофильный центр матери и ребенка города Теміртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Теміртау, улица Абая, 53/3, контактный телефон 8(7213) 92-48-18. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

17. В КТП «Поликлиника №4 города Теміртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Теміртау, 9 микрорайон, дом 43а, контактный телефон 8(7213) 95-05-76. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

18. В КТП на ПВХ «Многопрофильная больница города Балхаш» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Балхаш, переулок Шпагер, дом 13 контактный телефон 8(71036) 4-09-88. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места



• ПОЭЗИЯ КЕШІ

Туған жерге жырмен тағзым

Арқаның ең биік нүктесі Ақсораңның етегінде, толқыған Тоқырауының жағасында жатқан Ақтоғайдың төрінде ақын, жазушы, республикалық «Qasym» әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы Серік Сағынтайдың «Менің атым – Фәни-құс...» атты жыр кеші өтті. Жыр кешінде «Жауырыншы» өлеңдер жинағының тұсауы кесілді. Поэзия мен прозадағы қуатты шығармаларымен өрелі оқырманды мойындатқан қаламгердің тойына республиканың түпкір-түпкірінен қаламдас достары келді. Талантқа туған халқы құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты, ат мінгізді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кештің бірінші бөлімінде ақынның Ақтоғайға арнаған өлеңдері лег-легімен оқылды. Өлеңдері – туған жерге тағзым жасаған жылы жүрегінің сөзі, жұртына айтқан алғысы.

«Тағдыр ләмі тізілетін тақтадай Жадыма әкеп жазып берген хақ-талай. Жүректегі жырларымның ұйқасын Сенен табам, сенен алам, Ақтоғай! Көк пүлішке салған уыс мақтадай, Көктен саған арбалдай аппақ Ай. Жерде жүріп сенен алыс кеткенмен, Ансарымды жүрегімде сақтағай!», – дейді ақын.

Перзентінің жанарынан жаркыл байқаса, қанатының астына алып, тұлпардай баптаған Ақтоғай бұл. Серік Сағынтай болса, әйгілі Үмітай Жармағанбетовтің төл шәкірті. Бозбала шағында-ақ Ақтоғай аудандық газетінің тізгінін тапсырып, қаламмен елге қызмет етуге баулыған. Серік Сағынтай – бұл күнде жазуымен туған халқына, қазақ әдебиетіне адал қызмет етіп келе жатқан қарымды қаламгер. Ұлт әдебиетіне «Жазу», «Фәни-құс», «Құс қайтару», «Жауырыншы» өлеңдер жинағы мен «Көктемнің мөлдір тамшысы», «Қарға» әңгімелер кітабын берді. Үміт артқан халқының алдында биыл баспадан шыққан «Жауырыншы» өлеңдер жинағы мен «Қазақия... Сиберия...» зерттеу кітабының тұсауы кесілді. Кейінгісі Қазақстан Жазушылар одағының жобасы аясында жарық көрген. ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың



зерттеу жұмыстары. Ресейдің Томск қаласындағы мұрағатта сақталған қазақ халқына қатысты бұрын-соңды ешқандай жарияланбаған тарихи деректер бар мұнда. Содан кейін ләбіздерге кезек берілді. Көшті Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов бастады. – Ақтоғай халқы сізді ел игілігіне қызмет етіп жүрген қайраткер ретінде де таниды. Бір кезеңде аудандық газеттің дамуына зор үлес

костыңыз. Ауданымыздың көркеюіне әлі де аянбай тер төгіп жүрсіз. Алаштың алыптары туған топырақты жырларыңызға арқау етіп, қадір-қасиетін айшықтап келесіз. Шығармаларыңыздан жас ұрпақ ел мен жерді сүюдің жарқын үлгісін көреді. Аудан халқы сізді мақтан тұтады! Шығармашылығыңызға шабыт, деніңізге саулық, жақындарыңызға амандық тілейміз! – деді Абылай Аманжолов.

Содан кейін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаванов қуттықтау хаты табысталды. Хатта «Сізді Алаштың алтын бесігі аталған қасиетті Ақтоғай жерінде өтіп жатқан «Менің атым – Фәни-құс!» атты шығармашылық кешіңіздегі мерейлі сәтіңізбен құттықтаймыз! Сіз қазақ әдебиетінің проза және поэзия жанрында қатар қалам тербеп, поэтикалық ақыл-ой қазынасына сүбелі салым қосып келе жатқан киелі қалам иесісіз. Көкейіңізді жарып шығып, халықтың жүрегіне жол таппан «Жазу», «Фәни-құс», «Қарға», «Көктемнің мөлдір тамшысы», «Құс қайтару» сынды іргелі еңбектеріңіз қазіргі оқырманның сүйіп оқитын туындыларына айналып үлгерді. Бұдан бөлек, «егеулі қалам қолға

алған» журналистік қырыңызды атап өтпекке болмас. Ұзақ жылдар бірқатар республикалық белді басылым беттерінде жемісті еңбек етіп, табыстың тайқазанын тасытып келесіз. Атамекеніміздің әр азаматы іздеп жүріп оқитын республикалық «Қасым» журналын жалғанның жарығына шығарудағы қайраткерлік болмысыңыз көзіқарақты зиялы жұрттың есінде. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында күсін сөз әлеміне фәни-құстай қайта тіріліп ұшқан болмысыңыз, әл-әзір ұлт атынан сөйлерлік аға буынның көшінен табылғаныңыз қасқайған ақиқат! Есіл күннің дидарында қалған ешкімге ұқсама жырларыңыз руханиятқа сусаған жанның жұмыр жүрегін жылытып келеді» делінген.


Ақын Дәурен Берікжақы мен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы ресми өкілі Жанат Жаңқашұлы да лебізін жеткізді. «Талантыңмен жаһанды мойындатқың келсе, ауылыңнан баста» деген сөз бар. Сөз өнерінің қасиетін шын ұқсан Серік Сағынтай өзінің томағасын сыпырған Ақтоғай халқына есеп берді.

Суреттер кеш иесінің жеке мұрағатынан

• ЖАҢА ФИЛЬМ

«Ұстаз» фильмі эфирге шығады

Елімізде «Ұстаз» фильмінің таныстырылымы өтті. Режиссер Ерлан Ошақбаевтың фильмінде жас ұстаздың туған ауылына оралуы, өзі оқыған мектепте жұмыс істеуі, оқушылармен қарым-қатынасы көрсетілген.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұғалімнің беделі, шәкірттерін білім бәсекесіне қабілетті етуге ұмтылысы мен жаңашылдығы, сондай-ақ, педагогикалық қызметтің қиындығы мен қызығы көрініс табады.

Фильмнің таныстырылымында Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаев мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, фильмді еліміздің басты телеарналарынан көрсету және өңірлердегі педагогтер қауымдастығы арасында тарату жөнінде ұсыныс білдірді.

Мемлекет басшысы педагогтердің қоғамда маңызды рөл атқаратынын атап өткен. Бұл сөздер педагогтерді қолдауға және білім сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдармен бекітілді. Алғашқы және маңызды қадамдардың бірі 2019

жылы «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы болды. Ол педагогтердің жұмыс жүктемесін азайту, артық функциялардан босату және жаңа ынталандыру шараларын енгізу мәселелерін реттеді. Фильмнің негізгі миссиясы – педагогтің тек мамандық емес, нағыз шақыру, миссия екендігін көрсету. Олардың қоғамдағы ролін терең түсінуге, жас мұғалімдер үшін жауапкершілікті сезінуге және кәсіби дамуға шабыттандыратын маңызды себеп болатынына сенемін, – деді министр.

«Ұстаз» фильмінің идея авторы – Бейсен Құранбек, сценарийін жазған – Гүлмира Қадырқызы. Фильм кейіпкерлерінің рөлдерін Жетісу облыстық драма театрының және оқушылар сарайындағы поэтикалық театрдың актерлері сомдаған. «Ұстаз» фильмі алдағы уақытта еліміздің бас телеарналарынан көрсетілмек.

• МҮШӘЙРА

Жыр жүйріктері анықталды

Тәуелсіздік күні қарсаңында Абай аудандық мәдениет бөлімі ұйымдастырған «Тілім менің – Тәуелсіздік тірегі» атты жазба ақындар мүшәйрасы қорытындыланып, сайыс жеңімпаздары марапатталды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл өнер бәсекесіне аудан бойынша 25 ақын қатысып, бағын сынаған болатын. Солардың арасынан қазылар алқасы жүлдегерлерді анықтап, оларға дипломдар мен ақша сертификаттары Абай аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Арман Бапанов табыс етті.

Атап айтқанда, III орын мен 30 мың теңгенің сертификаты осы жолдардың авторы мен Дуалетхан Әбілхайырұлы, Қанат Русланға бұйырса, II орын мен 50 мың теңгенің сертификаты Құзайра Әбдіқалықов пен Гүлжайна Байжумаға, I орын мен 70 мың теңгенің сертификаты Өміржан Әбілхайырға берілді.

Ал, мүшәйраның бас жүлдесі мен 100 мың теңгенің сертификатын ақын Закария Охан алды.

Марапат соны дөнгелек үстелге ұласып, онда жүлдегер ақындар өз өлеңін оқып, тіл және тәуелсіздік туралы ойларын ортаға салып, оған қатысып отырған оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Абайлық жазба ақындарды марапаттау рәсіміне ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мү-



шесі, XV Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Салтанат Смағұлова қатысып, сөз сөйлеп, өлең оқып, өзінің және ақын жұбайы Ерқанат Кеңесбекұлының

жыр кітабын аудандық кітапханаға тарту етті.

Абай ауданы

Сурет автордан

Қола – қолда, алтын – алда


Таиланд корольдігінің Чиангмай қаласында бокстан ерлер және әйелдер арасында өтіп жатқан Азия чемпионатында ұлттық құраманың тоғыз бірдей мүшесі финалға өтті. Олардың арасында екі қарағандылық бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, 71 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп жатқан Абылайхан Жүсіпов Тәжікстан өкілі Шохобжон Шукуровпен шеберлік байқасып, оны айқын басымдықпен ұтты. Кездесу Абылайханның бақылауымен өтті. Есеп – 5:0.

Абылайхан Жүсіпов осымен екінші рет бокстан Азия чемпионатының финалына шығып отыр. Әуесқой бокстан оралған жерлесіміздің жекпе-жегі қарап отырып, әжептәуір төселгенін байқадық. Қимылы – шапшаң, соққылары – дөп, қорғанысы да мығым.

Бұдан бөлек, тағы бір жерлесіміз Аида Әбікеева ақтық сынға сүрінбей өтіп, Арқа жұртының мерейін тасты. Аида Әбікеева 63 келіге дейінгі салмақта таиландтық боксшы Тхананя Сомнуекпен жұдырық түйістіріп, шеберлігін көрсетіп, айқын басымдық танытты. Есеп – 4:1.



Сонымен қатар, өзбекстандық қарсыласымен тартысты жекпе-жек көрсете білген Милана Сафронова қола медаль иеленді. Милана Сафронова 66 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Навбахор Хамидовамен тұрысты. Жекпе-жек тартысқа толы болды. Алайда, төрешілер кездесу соңында өзбек боксшысы Навбахор Хамидованың қолын көтерді. Осылайша ол финалға жолдама алып, Милана Сафронова

2024 жылғы Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды.

– Мен үшін кездесу өте сәтті өтті. Келесі айналымға сенімді түрде әрі жаракатсыз шықтым. Үш раунд бойы рингті жақсы сезініп, соққылар жасадым. Енді сәл тынығып, ақтық сынға дайындықты бастаймын, – деп атап өтті Абылайхан Жүсіпов.

Қолдағы қоланы қанағат тұтып, алдағы финалдық жекпе-жектерден алтын алуға ниеттіміз!

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 139 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ИЛИЯШ